

Батыс Қазақстан облысы
Казталов ауданы
"Нұрхан" ЖК
Балбөбек жеке бөбекжайы.

Бекітемін:

«Балбөбек» жеке бөбекжайының директоры: "Нұрхан" А.А.Төлеугалиев



"Асқар тау" әкелер мектебінің жұмыс жоспары

2024-2025 оқу жыл

«Балбөбек» жеке бөбекжайының 2024-2025 оқу жылына арналған

«Әкелер мектебі» үйірмесінің жылдық жоспары.

Қс	Айлар	Тақырыбы	Мақсаты мен мазмұны	Өткізу формасы	Жауапты
	Қыркүйек	«Әке — шаңырақтың тірегі»	Танысу квесті (Team building). Балабақша ауласында әкелер мен балаларға арналған шағын кедергілерден өту ойыны.	«Әкелер мектебінің» мақсатымен танысу, ортақ ережелер қабылдау.	Әдіскер Топ тәрбиешілері
	Қазан	«Ер бала тәрбиесіндегі әкенің өнегесі»	Еркін форматтағы сұхбат (Тек әкелер үшін). Психолог немесе арнайы шақырылған қонақпен (ардагер әке/ата) кездесу.	«Ұл баланы нағыз азамат етіп қалай тәрбиелейміз?» тақырыбындағы ашық әңгіме.	Топ тәрбиешілері Әдіскер
	Қараша	«Ханталапай: Ұлттық ойын — ұлттық тәрбие»	Асық ату және тоғызқұмалақ турнирі. Әкелер балаларымен бірге асық ойнап, ұлттық ойын ережелерін үйретеді.	Баланың мергендігі мен логикасын дамытуға арналған сайыс.	Топ тәрбиешілері Әдіскер
	Желтоқсан	«Менің әкем — шебер!» Конструкторлық шеберхана.	Жаңа жыл мерекесіне орай ағаштан, картоннан немесе легодан бірлесіп шырша және ойыншықтар жасау.	Баланың кеңістікті ойлау қабілетін дамыту.	Топ тәрбиешілері Әдіскер
	Қаңтар	«Шымыр болсаң, шыңдал!» Қысқы спорттық думан.	Таза ауада шанамен жарысу, қардан қамал тұрғызып, нысанаға қар лақтыру ойындары.	Сергу сәті және салауатты өмір салтын насихаттау.	Топ тәрбиешілері Әдіскер

Ақпан	«Әкем оқыған ертегі»Кітап оқу сағаты (Театрландырылған қойылым).	Әкелер балабақшаға келіп, балаларға батырлар жырынан немесе қазақша ертегілерден үзінді оқып береді.	Кейіпкерлерді бірге талдау.	Топ тәрбиешілері Әдіскер
Наурыз	«Қыз бала — үйдің сәні, Әке — оның қорғаны»	Шығармашылық және сұлулық сағаты.	Әкелер мен қыздарының арасындағы қызықты сайыстар.	Топ тәрбиешілері Әдіскер
Сәуір	«Әкеммен бірге ғарышқа саяхат»	Ғылыми-практикалық күн.	Зымыран макетін жасау немесе қарапайым қызықты тәжірибелер (эксперименттер) жасап көрсету.	Топ тәрбиешілері Әдіскер
Мамыр	«Әкелер мектебінің алтын қоры»	Бейне-жоба және Марапаттау. Белсенді әкелерге номинациялар беру («Ең спорттық әке», «Шебер әке», «Зерек әке» т.б.).	«Менің әкем ең үздік!» атты видеоролик көрсетілімі.	Топ тәрбиешілері Әдіскер

2 (два) бет нөмірленіп, баумен
тігілді, мөрленді

«Нұрхан» ЖК жетекшісі:  А.А. Төлеуталиев



«Балбөбек» жеке бөбекжайы

Театрлық қойылым:

Тақырыбы: «Әкем оқығын ертегі»

Тәрбиеші.Есетова.Б.Б

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Әкем оқыған ертегі» Кітап оқу сағаты және театрландырылған қойылым

Форматы: Бөбекжайға келип бүлдіршіндерге ертегі оқып беру. Балалардың кітап оқуға, көркем әдебиетке деген қызығушылығын ерте жастан ояту. Қатысушылар: Бөбекжай тәрбиеленушілері мен шақырылған әкелер I. Мақсаты мен мазмұны

«Әкем оқыған ертегі» Кітап оқу сағаты (Театрландырылған қойылым):

Театрландырылған элементтер арқылы бүлдіршіндердің шығармашылық қиялын, рөлге кіру және сахналық мәдениетін дамыту.

Әкелер бөбекжайға келіп, балаларға батырлар жырынан немесе қазақша ертегілерден үзінді оқып береді: Әкенің бала тәрбиесіндегі, оның ішінде рухани-танымдық дамуындағы рөлін нығайту. Батырлар жыры мен халық ертегілері арқылы балалардың бойында отансүйгіштік, батылдық, мейірімділік қасиеттерді қалыптастыру және ана тіліндегі сөздік қорын байыту.

II. Қажетті құрал-жабдықтар мен дайындық

Көркем безендірілген үлкен ертегі кітаптары (Батырлар жыры: «Алпамыс батыр»,

«Қобыланды батыр»; Қазақша ертегілер: «Ер Төстік», «Мақта қыз бен мысық» және т.б.).

Театрландырылған қойылымға арналған қарапайым реквизиттер мен костюм

элементтері (батырлардың дулығасы, қалқаны, қамшы, хандар мен батырлардың шапандары, ертегі кейіпкерлерінің маскалары).

Жайлы орта: Төрге төселген ұлттық нақыштағы кілемшелер мен көрпешелер (ертегі тыңдау бұрышы).

Фондық дыбыстар (домбыра үні, табиғат дыбыстары, аттың шабысы секілді ертегі желісін жандандыратын әуендер).

III. Іс-шараның барысы

1. Кіріспе бөлім (Сикырлы әлемге саяхат)

Ұйымдастыру: Балалар кілем үстіне жайғасып отырады. Бөлме жартылай қараңғыланып, сикырлы әуен ойнайды.

Жүргізушінің сөзі: «Құрметті балалар! Бүгін біздің балабақшамызға ерекше қонақтар — сіздердің асқар таудай әкелеріңіз келді. Бірақ олар жай ғана келген жоқ, өздерімен бірге сикырлы кітаптар ала келді. Қазір әкелеріміз бізді батырлар мекеніне және ертегілер әлеміне апарады».

2. Негізгі бөлім: «Әкем оқыған ертегі» сағаты

А) «Батырлар үні» (Батырлар жырынан үзінді оқу)

Барысы: Ортаға батырлар киімін (немесе шапан) киген бірінші әке шығады. Ол қолына үлкен кітапты алып, мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп (мысалы, Алпамыс батырдың тууы немесе Тайбурылдың шабысы тұсын) оқып береді.

Театрландыру: Әкесі жырды оқып жатқанда, арнайы дайындалған балалар қолдарына кішігірім қалқан мен дулыға киіп, жырдың мазмұнына сай батырдың қимылдарын (атқа міну, қорғану) сахналайды.

Ә) «Ертегілер елінде» (Қазақша ертегілерді сахналау)

Барысы: Екінші әке ортаға шығып, балалар жақсы көретін қазақ халқының қиял-ғажайып немесе жан-жануарлар туралы ертегісін оқиды (мысалы: «Ұр, тоқпақ!» немесе «Алдар көсенің тапқырлығы»).

театрландыру: Әкесі ертегіні оқу барысында үніне жасап, кейіпкерлердің сөзін балалармен бірге рөлге жалғастырады. Балалар бетпердедерін киіп, ертегі желісін интерактивті бөлім (Түйін мен рефлексия)

3. Қорытынды сұрақтар» ойыны: Әкелер оқыған

«Ақылды сұрақтар қояды: "Батыр қандай болуы керек?", "Ертегідегі жақсы кейіпкер кім, сұрақтар қояды: "Батыр қандай болуы керек?", "Ертегідегі жақсы кейіпкер кім, жаман кейіпкер кім?". Балалар жауап беріп, ертегінің тәрбиелік мәнін түсінеді. Әкелердің тілегі: Бөбекжайға келген әкелер балаларға «Кітап — білім бұлағы» екенін айтып, үнемі кітап оқуға шақырады және балаларға жана ертегі кітаптарын сөйгіне тарталды.



«Балбөбек» жеке бөбекжайыны

Сұхбат:

Такырлыбыз

«Ер бала тәрбиесіндегі әкенің онетесі»

Тәрбиеші: Жұмағалиева Т.К

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Ер бала тәрбиесіндегі әкенің өнегесі»

Форматы: Тек әкелерге арналған еркін форматтағы сұхбат (Дөңгелек үстел / Коучинг)

Қатысушылар: Бөбекжай тәрбиеленушілерінің әкелері, арнайы шақырылған қонақ (көпбалалы ардагер әке немесе үлгілі ата).

I. Мақсаты мен мазмұны

Еркін форматтағы сұхбат (Тек әкелер үшін): Әкелердің өзара еркін пікір алмасуына, ұл бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелерді ашық талқылауына психологиялық қолайлы орта қалыптастыру.

Арнайы шақырылған қонақпен (ардагер әке/ата) кездесу: Тәжірибелі ардагер әкелердің өнегелі әңгімелері мен ақыл-кеңестерін тыңдау. Тәрбиеші ер баланың жас ерекшелігіне сай мінез-құлқының қалыптасуындағы әке рөлінің маңыздылығын ғылыми әрі практикалық тұрғыда түсіндіру.

II. Ұйымдастыру кезеңі мен безендіру

Салтанатты немесе тренинг залында үстелдер мен орындықтарды дөңгелекте орналастыру (еркін сұхбат деңгейін сезіндіру үшін).

Тақырыпқа сай нақыл сөздер жазылған баннер немесе презентация слайды (мысалы: «Әке көрген оқ жонар...»).

Бейнеролик дайындау (Балалардың «Менің әкем — ең күшті адам!» тақырыбындағы қысқаша сұхбаттары).

Кофе-брейк ұйымдастыру (әкелердің еркін, қысылмай сөйлесуі үшін шай/кофе үстелі).

III. Іс-шараның барысы

1. Кіріспе бөлім (Ой қозғау)

Жүргізушінің (немесе модератордың) сөзі: Қатысушы әкелерді қарсы алу. Бүгінгі кездесудің тек ерлер арасындағы ашық сұхбат екенін және ер бала тәрбиесіндегі әке беделінің қаншалықты маңызды екенін атап өту.

«Менің әкем...» бейнеролигін көрсету: Балабақшадағы ер балалардан жасырын алынған «Әкеңіз қандай адам? Одан не үйрендіңіз?» деген сұрақтарға жауап берген қысқаша видеоны көрсету. (Бұл әкелердің сезімін оятып, талқылауға деген қызығушылығын арттырады).

2. Негізгі бөлім: Еркін сұхбат алаңы

А) Арнайы қонақпен жүздесу (Тәжірибе алмасу)

Сөз кезегі: Шақырылған ардагер әкеге немесе атаға беріледі.

Мазмұны: Ол кісі өз өмірінен мысалдар келтіре отырып, «Ұл баланы қалай азамат етіп тәрбиелеу керек?», «Ер балаға қандай қасиеттерді ерте жастан сіңіру қажет?» деген тақырыптарда өз өнегесімен, көрген-түйгенімен бөліседі. Әкелер өздерін қызықтырған сұрақтарын қояды.

Ә) Психологиялық кеңес: «Ер бала психология

Талқыланатын тақырыптар:

Ұл баланың мінезіндегі батылдық пен жауапкершілікті қалай дамыту керек?

Әкенің балаға көрсететін үлгісі (сөзі мен ісінің сәйкестігі).

Әке мен ұл арасындағы достық көпірді қалай орнатуға болады?

Практикалық тапсырма (Жағдаяттық сұрақтар): әкелерге тәрбие үдерісінде

кездесетін қиын жағдайларды ұсынады (мысалы: «Балаңыз бөбекжайда басқа баламен төбелесіп қалды, әке ретіндегі алғашқы реакцияңыз қандай болады?»).

Әкелер өз пікірлерін ортаға салып, еркін талқылайды.

3. Қорытынды бөлім (Кері байланыс)

Жүрекжарды сөз» (Рефлексия): Әкелер кезекпен бүгінгі кездесуден алған
серлерімен бөліседі және өздері үшін қандай жаңа ой түйгендерін айтады.
Естелік хат: Әкелерге ұл бала тәрбиесіне қатысты алатын ережелері мен кеңестері
басылған шағын жадынамалар (буклеттер) үлестіріледі.
Қорытынды сөз: қатысушыларға алғыс айтып, ұлдарының нағыз ел қорғайтын
азамат болып өсуіне тілектестік білдіреді.



Донгелек үстелі:

Тақырыбы:
«Әкелер мектебінің алтын
қоры»

Тәрбиеші: Исмаиұлова Д.Г

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы:Әкелер мектебінің алтын қоры

Тәрбиелік: Отбасылық құндылықтарды насихаттау, бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі мен жауапкершілігін арттыру.

Ынталандыру: Жыл бойы мектеп өміріне белсене араласқан, өнегелі әкелердің еңбегін елеп, көпшілікке үлгі ету.

Коммуникативтік: Бөбекжай және ата-ана (әкелер) арасындағы ұшжақты тығыз байланысты нығайту.

Әту форматы: Салтанатты марапаттау кеші, бейне-жоба таныстырылымы (Гала-кездесу).

Көрнекілігі: Слайдтар, «Менің әкем ең үздік!» бейнеролигі, номинация тактасы, мақтау қағаздары мен мүсіншелер (статуэткалар), шарлар, салтанатты музыка.

Іс-шараның барысы

I. Кіріспе бөлім (Ұйымдастыру)

Қонақтарды қарсы алу: Әкелерді салтанатты түрде залға шақыру (Фанфар ойналады).

Жүргізушінің сөзі: Кештің ашылуы, «Әкелер мектебінің» жыл бойы атқарған жұмыстарына қысқаша шолу жасау.

II. Негізгі бөлім

1. Бейне-жобаның тұсаукесері:

Экраннан жыл бойы өткен спорттық, интеллектуалдық және шығармашылық шаралардан құралған «Менің әкем ең үздік!» атты арнайы видеоролик көрсетіледі. Видео мазмұны: Әкелердің балаларымен бірге жарыстарға қатысқан сәттері, мектептегі ашық сабақтар немесе сенбіліктердегі белсенділіктері.

2. Салтанатты марапаттау рәсімі («Әкелер мектебінің алтын қоры»):

Жүргізушілер кезекпен номинацияларды жариялап, сахнаға белсенді әкелерді шақырады. Әр әкеге номинация бойынша диплом мен естелік сыйлықтар табысталады.

«Ең спорттық әке» номинациясы – Мектепшілік спорттық жарыстарда («Әкем, шешем және мен», футбол, волейбол т.б.) жоғары нәтиже көрсеткен әкелерге.

«Шебер әке» номинациясы – Қолөнер, технологиялық жобалар немесе мектептің көгалдандыру/жөндеу жұмыстарына қол ұшын беріп, өнерін көрсеткен әкелерге.

«Зерек әке» номинациясы – Интеллектуалдық ойындарда, дебаттар мен «Әкелер мектебінің» дөңгелек үстелдерінде ерекше білімімен көзге түскен әкелерге.

«Жүрегі жылы әке» (немесе Қамқор әке) номинациясы – Бөбекжайдағы қайырымдылық шараларына демеушілік жасап, белсенділік танытқан ата-аналарға.

Қосымша элемент: Марапаттау сәтінде әкелердің балалары сахнаға шығып, өз қолдарымен жасаған ашық хаттарын немесе алғыс айту гүлдерін сыйлай алады. Бұл шараның әсерлілігін арттырады.

III. Қорытынды бөлім

Марапатталған әкелердің атынан сөз сөйлеу: Бір-екі ата-ана бөбекжай ұжымына өз алғыстарын білдіреді.

Музыкалық шашылу (Флешмоб/Ән): Ересек топ бүлдіршіндерінің орындауында «Әкешім», «Әке-ана» туралы әуезді ән немесе шағын концерттік нөмір.



«Балбөбек» жеке бөбекжайы

Шеберлі сағаты

Тақырыбы:

«Әкеммен бірге ғарышқа саяхат»

Тәрбиеші:Жумағалиева Т.К

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Әкеммен бірге ғарышқа саяхат»

форматы: Эксперимент жасап көрсету (Ғылыми-шығармашылық сағат)

Қатысушылар: Есбекжай тәрбиеленушілері мен олардың әкелері.

Қатысушылар мен мазмұны

I. Мақсаты: Мақсаты: Эксперимент жасап көрсету (Ғылыми-шығармашылық сағат)

Ғарышкерлер күніне орай қолжетімді заттардан зымыран макетін жасау немесе қарапайым қызықты тәжірибелер (эксперименттер) жасап көрсету: Әкелер мен балалардың бірлескен шығармашылық жұмысы арқылы ғарыш әлеміне танымдық саяхат ұйымдастыру.

Қолжетімді, тұрмыстық материалдарды пайдалана отырып зымыран құрастыру және қарапайым физикалық-химиялық эксперименттер арқылы балалардың ғылымға, зерттеушілікке деген қызығушылығын ояту. Әке мен бала арасындағы ынтымақтастықты, бір-біріне деген сенімділікті арттыру.

II. Қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар

Макет жасау үшін: Пластикалық бөтелкелер, картон қағаздар, фольга, түрлі-түсті скотчтар, кайшы, желім.

Тәжірибелер (эксперименттер) үшін: Ас содасы, сірке суы (уксус), лимон қышқылы, су, ауе шарлары (шарик), құйғыш (воронка).

Безендіру: Жұлдызды аспан бейнеленген слайдтар, ғарыш туындылары, космостық әуендер мен зымыранның ұшу дыбысының аудиожазбасы.

III. Іс-шараның барысы

I. Кіріспе бөлім (Ғарыш айлағына шақыру)

Ұйымдастыру: Әкелер мен балалар залға «ғарышкерлер» секілді саппен кіреді.

Жүргізушінің сөзі: «Армысыздар, құрметті асқар таудай әкелер мен болашақ ғарышкерлер! Бүгінгі біздің „Әкеммен бірге саяхат“ атты шарамыз ерекше өтпек. Біз жер бетінде ғана емес, жұлдызды аспанға, ғарыш әлеміне саяхат жасаймыз. Олай болса, әкелеріміздің көмегімен өз зымыранымызды жасап, ғылыми зертханамызды ашайық!»

2. Негізгі бөлім: STEM-зертхана

I кезең: «Қолдан зымыран құрастыру» (Конструкторлық шеберхана)

Барысы: Әкелер мен балалар алдың ала дайындалған үстелдерге жайғасады.

Тапсырма: Қолжетімді заттардан (пластикалық бөтелкені негіз етіп алып)

зымыранның макетін жасайды. Әкесі бөтелкеге картоннан қанаттарын қиып, бекітеді, ал баласы оны фольгамен қаптап, түрлі-түсті маркерлермен немесе жұлдызшалармен безендіреді.

II кезең: «Сикырлы зымыран» (Қарапайым қызықты тәжірибелер)

Әкелер балаларымен бірге зымыранды қалай іске қосуға болатынын эксперимент арқылы көрсетеді.

1-тәжірибе: «Шар-зымыран» (Реактивті қозғалыс)

Барысы: Жіпке кішкене шырын түтігін (трубочка) өткізіп, жіпті бөлменің екі шетіне керіп байлайды. Шарды үрлеп, аузын байламай түтікшеге скотчпен жабыстырады. Бала шардың аузын жібергенде, шар зымыран құсап жіптің бойымен ұша жөнеледі.

2-тәжірибе: «Жанартаулық іске қосу» (Химиялық реакция)

Барысы: Әкесінің қатаң бақылауымен пластикалық бөтелкенің ішіне су мен сірке суы құйылады. Ал баласы құйғыштың көмегімен шардың ішіне ас содасын салады. Шарды бөтелкенің аузына кигізіп, соданы ішіне төккенде, газ бөлініп, шар өздігінен үрленеді. Жүргізуші бұл газдың зымыранды жоғары итеретін күшке ұқсайтынын түсіндіреді.

3. Қорытынды бөлім (Зымырандар шеруі)